

Балалар мен жастардың музыкалық оркестрлері және ансамбльдерінің шеруін ұйымдастыру мен өткізуге ТҮСІНІК ХАТ

Шерудің мақсаты: «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын іске асыру жағдайында балалардың рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру факторы ретінде балалар орындаушылық шығармашылықтарын қолдау және дамыту, дәріптеу.

Шерудің міндеттері:

балалар мен жастардың музыкалық мәдениетінің деңгейін арттыру;

неғұрлым қабілетті, шығармашылық дамыған және кәсіби келешегі бар балалар музыкалық ұжымдарын анықтау;

балалардың музыкалық мәдениетінің деңгейін көтеру, оларды әлемдік музыка өнерінің байлығына тарту, Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау;

тұлғаның негізгі мәдениетін қалыптастыруға қажетті компонент ретінде балалардың эстетикалық тәрбиесі сұрақтарына мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың назарын аударту;

әртүрлі музыкалық аспаптарда балалар орындаушылығын дәріптеу, музыкамен әуестенудің ұжымдық формаларын дамыту және жетілдіру, білім алушылардың өзін-өзі жетілдіру үшін мүмкіндіктерін кеңейту;

қазіргі заманғы қоғамда әдемілік, жақсылық, шығармашылық идеалдарын тұжырымдау, бірыңғай мәдени процеске заманауи өнердің жаңа формаларын, жанрларын және түрлерін енгізу;

мерекелік көңіл-күйді қалыптастыру.

Балалар мен жастардың музыкалық ансамбльдері шеруінің бірегейлігі, Шеру – бірінші рет өткізілетін, республиканың мәдени өміріндегі ерекше оқиға.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын іске асыру жағдайында балалардың рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру факторы ретінде балалар орындаушылық шығармашылықтарын қолдау және дамыту маңызды мағынаға ие болады.

Балалар мен жастардың музыкалық мәдениетінің деңгейін көтеруде, оларды әлемдік музыка өнерінің байлығына тартуда, Қазақстанның мәдени мұрасын сақтауда негізгі уәждеуіштер болып әртүрлі деңгейдегі фестивалдар мен байқаулар, сонымен қатар халықаралық және республикалық ауқымдағы жобалар болуы мүмкін.

Балалар мен жастардың музыкалық ансамбльдерінің шеруі – бұл шеруде жүру және өскелең ұрпақтың шығармашылығын дамыту және эстетикалық тәрбие беру сұрақтарындағы әр білім беру ұйымының жетістіктерінің ерекше шеруі.

Шеруді өткізу орны: облыс орталықтары, республикалық маңызы бар қала және астана.

Шеруді өткізуге ұйымдастыру және дайындық бойынша мерзімдер: 2017 жылғы наурыз-маусым.

Шеруді өткізу уақыты: 2017 жылғы маусым.

Шерудің қатысушылары: облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары.

Шерудің қатысушыларының жасы: 12 жастан және жоғары.

Күтілетін нәтижелер:

Осындай ауқымдағы іс-шараны өткізу балалардың көркем-эстетикалық бағытындағы қосымша білім берумен қамтылуының артуына, әр білім беру ұйымының және тұтас алғанда республикадағы барлық білім беру ұйымдарының имиджін көтеруге ықпал етеді.

Шеруді өткізу білім беру ұйымдарында жас таланттар мен дарындарды анықтауға, олардың шығармашылық дамуы үшін қосымша жаңдайларды жасауға, білім беру ұйымдарының музыкалық ансамбльдері қатысуы арқылы түрлі деңгейдегі көркемөнерпаздар байқауларында, түрлі бейін бойынша шығармашылық байқауларында сауатты бәсекелестік орта құруды қалыптастыруға бағытталған.

Шеру балалар мен жастардың музыкалық мәдениетінің деңгейін көтеруге, әртүрлі бағыттарда жұмыс істеуші ұжымдар мен педагогтар арасында тәжірибе алмасуға, мәдени байланыстар орнатуға, сонымен қатар мәдени құндылықтарды сақтауға ықпал етеді.

Балалардың Шеруде қатысуын талдау балалар мен жастардың көркем-эстетикалық шығармашылығын ілгері жылжытуын әрі қарай үйлестіру мақсатында аталған бағыттың республиканың әрбір өңіріндегі даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.